

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметін
материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 қарашадағы N 1220 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 294 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.30 № 294 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің материалдық-техникалық жағынан нашар қамтамасыз етілгендігін, қызметтік үй-жайлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілгендігін және электронды-есептеу техникасымен, байланыс құралдарымен, басу-көбейткіш аппаратураларымен нашар жабдықталғандығын атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

салық милициясын қоса отырып, 15 қарашаға дейін салық қызметін компьютерлеу бағдарламасын бекітсін;

1994 жылға арналған бюджетті нақтылау кезінде салық қызметін компьютерлеуге, оның ішінде техника, компьютерлік желілер сатып алуға, Искра - 2 және басқа байланыс арналарын пайдалана отырып ақпараттар бір орталықта сақталатын есептеу байланыс торабын құруға қосымша 100 - 150 млн. теңге б о л у д і к ө з д е с і н ;

орта буын қызметкерлерді халық арасында салық заңдарын насихаттау мен түсіндіруге оқытуды қамтамасыз етсін;

Алматы қаласындағы тұрғын және әкімшілік үйлерінің құрылысын аяқтау үшін қосымша қаржы іздестірсін;

1995 - 1996 жылдарға арналған республикалық бюджетті қарау кезінде салық органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның ішінде осы кезеңде толық қамтамасыз ету мақсатында салық милициясына белгіленген қ а р ж ы б о л у д і к ө з д е с і н .

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі:

1995 - 1996 жылдардан бастап аймақтық университеттерде жергілікті жерлердің сұраныстарына байланысты адам санын анықтап, "Салық салу" мамандығы бойынша қосымша оқу топтарын құруды ұйымдастырсын;

орта мектептердің бітіруші кластарының, жоғарғы және орта білім беретін оқу орындарының, кәсіби-техникалық училищелердің оқу бағдарламаларында салық салу бойынша сабақтар өткізуді көздесін;

орта мектептердің бітіруші кластарында салық заңдарының негіздерінен кәсіби бағдар беруге бағытталған арнаулы топтар ұйымдастырсын.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, облыстар мен Алматы қаласының мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеттері салық қызметі объектілерінің құрылысын салу үшін жер учаскелерін бөлуді, сондай-ақ оларға қажеттіліктері қамтамасыз етілгенге дейін 1994-1995 жылдары босаған әкімшілік үйлерін беруді қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық

қызметіне қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыруға салық қызметінің қорына аударылатын 10 процент қаржының 25 процентін қалдыруға рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі жергілікті жерлердегі салық инспекцияларын қажетті көлемде телефон, телеграф және факс байланыстарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі